

## Инфрақұрылым мен қауіпсіздік – басты назарда

8 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов Үлкен Нарын ауданына жұмыс сапарымен келіп, ауданда жүзеге асып жатқан жобалардың барысымен танысты. Сапардың негізгі мақсаты – көктемгі су тасқынының алдын алу шараларын бақылау және әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысын тексеру.

Алдымен облыс әкімі Сурка өзеніндегі су тасқынына қарсы жұмыстарды көрді. Қазіргі таңда өзен арнасын ағаш-бұталардан тазарту, түбін терендету және жағалауды бекіту жұмыстары жүргізілуде. Бұл шаралар көктемгі кезеңде су деңгейінің көтерілу қаупін азайтып, судың еркін ағуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сапар барысында өңір басшысы әлеуметтік нысандарды да аралап шықты. Соның бірі – туристік ақпараттық орталық аумағын абаттандыру жобасы. Жоба аясында 800 шаршы метр аумаққа брусчатка төселіп, саябақ шамдары, орындықтар, кокыс жәшіктері мен беседкалар орнату, гүлзарлар жасау жоспарланған. Қазіргі таңда жұмыстар белгіленген кестеге сай жүргізіліп жатыр.

Жұмыс сапары аясында ұзақ уақыттан бері аяқталмай тұрған бассейн құрылысы да назардан тыс қалмады. Құрылысы 2021 жылы басталған нысан бойынша бұған дейінгі мердігермен байланы-

сты мәселелерге байланысты құрылыс қарқыны баяулаған болатын. Қазіргі таңда Ал жобаны аяқтау үшін «Эл-хон» ЖШС-мен меморандум жасалып, құрылыс жұмыстары қайта жанданған.

Бұл нысан 1277,8 шаршы метр аумақты қамтып, бір уақытта 40 адамды қабылдауға арналған заманауи бассейн болмақ. Мамандардың айтуынша, бұрын атқарылған жұмыстардың бір бөлігін қайта қалпына келтіру қажеттілігі бар. Дегенмен, құрылыс белгіленген мерзімде аяқталады деп күтілуде.

Облыс әкімі нысанды биылғы 1 қыркүйекке дейін толық аяқтауды нақты тапсырды. Сонымен қатар қосымша жабдықтарды жеткізу мен абаттандыру жұмыстарын аудан әкімдігі мен салалық басқармалар бірлесіп қамтамасыз етуі тиіс екенін атап өтті.

– Бұл жобалардың барлығы халықтың өмір сапасын жақсартуға, туризмді дамытуға және инфрақұрылымды нығайтуға бағытталған. Сондықтан құрылыс мерзімдерінің сақталуы,



Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

сапа мен бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды басты назарда болуы керек, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Бассейн іске қосылған кезде Үлкен Нарынның спорт инфрақұрылымы кенейіп, дене шынықтыру-сауықтыру орталығының мүмкіндіктері арта түседі. Бұл нысан ауыл жастары мен тұрғындары үшін қосымша жағдай жасап, бұқаралық спортты дамытуға ықпал етпек. Көпшілік күтіп отырған бассейн алдағы уақытта

аудан өміріндегі маңызды әлеуметтік нысандардың біріне айналады деп күтілуде.

Сапар қорытындысында облыс әкімі Үлкен Нарын ауданында жүзеге асып жатқан жобалардың маңызын атап өтіп, олардың сапалы әрі уақытылы аяқталуына басымдық беру қажеттігін жеткізді. Тиісті органдар мен мердігер ұйымдарға нақты міндеттер жүктелді.

**Нарын info**

### СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

## Труд - это лучшая школа жизни

Татьяна САМОЙЛОВА

В селе Улкен Нарын среди крестьянских хозяйств, которые являются важным элементом аграрной системы района, обеспечивая производство, занятость, устойчивое развитие и продовольственную безопасность, есть небольшое хозяйство «Бура». Главой его является Алимкан Абылгазынович Карыбаев.

В своё время Алимкан Абылгазынович работал ветврачом в совхозе «40 лет Казахстана». Когда началась ликвидация совхозов и колхозов, а это были 90-е годы, Алимкан продолжил работать по специальности в ветстанции.

В тот же период оформил земельный

участок в 50 гектаров для занятий растениеводством и животноводством. Вместе с супругой Алмой Кабдоловной, тоже ранее работавшей в том же совхозе, начинали с малого.

(Окончание на 2 стр.)



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ, АУДАНЫМЫЗДЫҢ  
ТӨЛ БАСЫЛЫМЫ –  
«НАРЫН ТАҢЫ» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒЫ  
II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА  
ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ҚҰНЫ - 3328 ТЕҢГЕ  
ЖАЗЫЛУ ҚАЗПОШТА АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ  
БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

Қосымша сұрақтар бойынша: 8-705-701-91-15



### УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА НА РАЙОННУЮ ГАЗЕТУ  
«НАРЫН ТАҢЫ» - ДОСТОВЕРНЫЙ  
ИСТОЧНИК НОВОСТЕЙ И СОБЫТИЙ  
НАШЕГО КРАЯ.

СТОИМОСТЬ ПОДПИСКИ НА ВТОРОЕ  
ПОЛУГОДИЕ 2026 ГОДА - 3328 ТЕҢГЕ  
ОФОРМИТЬ ПОДПИСКУ МОЖНО  
ВО ВСЕХ ОТДЕЛЕНИЯХ АО «КАЗПОЧТА».

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Үлкен Нарын ауданының әкімі, аудандық мәслихаттың төрағасы, дербес бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Үлкен Нарын ауданының белгілі азаматы болған, көп жылдар бойы аудандық газеттің бас редакторы қызметін атқарған

### ЖАКУПОВ ЖОМАРТ ҚАНАПИЯҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты Жакуповтар әулетіне және марқұмның барлық туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## КӨҢІЛ АЙТУ!

Жазмыштан озмыш жок. Журналистика саласында еңбек еткен Жақыпов Жомарт Қанапияұлы 66 жасында өмірден озды.

Жомарт Қанапияұлы өз ісіне адал кісі еді.

Ол 1960 жылғы 9 шілдеде Үлкен Нарын өңіріне қарасты Ново-Березовка ауылында дүниеге келген.

1986 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) «Тарих» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жомарт Қанапияұлының еңбек жолы елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Ол еңбек жолын колхозда механизатор болып бастаған. Кейін тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек етті.

25 жылдан астам уақытын мемлекеттік қызметке арнады. Ішкі саясат бөлімінің басшысы, При-



брежний кентінің әкімі қызметтерін атқарды.

Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы 12 жылда «Арай-Луч» аудандық газетінің бас редакторы болып еңбек етті. Осы жылдары ол өзін білікті журналист әрі ұйымдастырушы ретінде танытып, аудандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосты.

Көп жылғы адал еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін Жомарт Қанапияұлы аудан және облыс әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, мемлекеттік марапаттармен наградталған.

Жомарт Қанапияұлының жарқын бейнесі оны білетін барша жанның жүрегінде мәңгі сақталады.

Жаны жәннаттің төрінде болсын!

**ҚР Журналистер одағы  
ШҚО филиалының төрағасы  
Мерей Қайнарұлы**

Коллектив районной газеты «Нарын таңы» выражает искренние соболезнования семье, родным и близким по поводу кончины бывшего редактора газеты «Арай»-«Луч»

### ЖАКУПОВА ЖОМАРТА ҚАНАПИЯНОВИЧА.

Под его руководством газета стала авторитетным изданием, известным своей принципиальностью и качеством материалов.

Коллеги знали его как требовательного, но справедливого руководителя, человека с безупречным чувством слова и глубоким уважением к профессии.

Он всегда поддерживал молодых журналистов и умел находить важное в самых сложных темах.

Для многих из нас он останется примером профессионализма и преданности делу, рассудительным наставником, готовым оказать помощь при любых обстоятельствах.

Светлая память о Жомарте Қанапияновиче навсегда останется в наших сердцах.

## КӨҢІЛ АЙТУ!

66 жасқа қараған шағында мемлекеттік қызмет және журналистика саласының ардагері **Жақыпов Жомарт Қанапияұлы** өмірден озды.

Жомарт Қанапияұлы 1960 жылғы 9 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы, (бұрынғы Большеарым) Үлкен Нарын ауданының Ново-Березовка ауылында дүниеге келген.

1977 жылы Ново-Березовка орта мектебін тәмамдаған. 1979-1981 жылдары Камчатка түбегінде әскери борышын өтейді.

1986 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) «Тарих» мамандығы бойынша бітірген.

Жомарт Қанапияұлының еңбек жолы – елге және халыққа адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Еңбек жолын Ленин атындағы колхозда механизатор болып бастап, кейін тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарды. Одан әрі комсомол ұйымында жауапты қызметтерде – колхоз комсомол комитетінің хатшысы, аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болды.

Өмірінің 25 жылдан астам уақытын мемлекеттік қызметке арнап, ішкі саясат бөлімінің басшысы, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы қазіргі Алтай ауданындағы Прибрежный кентінің әкімі қызметтерін атқарды.

Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы 12 жылда аудандық «Арай-Луч» газетінің бас редакторы болып еңбек етті. Осы жылдары ол өзін талантты журналист әрі білікті басшы ретінде танытып, өңірдегі журналистиканың дамуына зор үлес қосты.

Көпжылдық адал еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін Жомарт Қанапияұлы аудан және облыс әкімдерінің грамоталарымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл», «Өр Алтай Арысы» медальдарымен және өзге де марапаттармен наградталған.

Жомарт Қанапияұлы – қызметте білікті басшы, кәсіби жоғары маман, отбасыда аяулы жар, қамқор әке еді. Ол әрдайым адалдығымен, принципшілдігімен, адамдарға деген құрметімен және туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігімен ерекшеленетін.

Жомарт Қанапияұлының жарқын бейнесі туған-туыстарының, жақындарының, әріптестерінің және оны таныған барша жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Жаныңыз жәннатта болсын!

**Катонқарағай ауданының  
«Арайлы Катонқарағай»  
газетінің ұжымы**

Үлкен Нарын ауданы, Балғын ауылы, Омаров көшесі, 37 үйде орналасқан Балғын ауылдық клубында 2026 жылғы 26 мамырда сағат 14:00-де «ОблШығысЖол» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданы, Балғын ауылының солтүстік-батысында өнімділігі 150 т/сағ ұсақтау сұрыптау қондырғысы және өнімділігі 80 т/сағ асфальтбетон зауыты үшін 2026-2035 жылдарға қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары (НШШ, ҚБЖ, ӨЭБ, ҚОҚШЖ, ҚОҚБ) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Қоғамдық тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде қосылуға болады.

<https://us04web.zoom.us/j/72112876799?pwd=IHX1Nhw38aubpEXh25tkT0W39dFTNQ.1>

Конференция коды: 721 1287 6799

Қол жеткізу коды: BW6n1N

Жобаға тапсырыс беруші: «ОблШығысЖол» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Ертіс ауылдық округі, Прапорщиково ауылы, 064 есеп кварталы, 3 құрылыс, БСН 080240021886, e-mail:oblshygyshol@mail.ru, байланысушы тұлға: «ОблШығысЖол» ЖШС инженері - Акрамов К.К. ұялы телефоны: 87777900750.

Әкімшілік жағынан ұсақтау сұрыптау қондырғысы және асфальтбетон зауыты

Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданы, Балғын ауылының солтүстік-батысында орналасады.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 1) 49° 10' 12» с.е., 84°32' 53» ш.б.; 2) 49° 10' 15» с.е., 84°33' 2» ш.б.; 3) 49° 10' 8» с.е., 84°33' 9» ш.б.; 4) 49°10' 5» с.е., 84°32'59» ш.б.

Жобаны әзірлеуші: «Альянс-Экология» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Виноградов көшесі, 9, тел. 8(7232)753121, БСН 150440029379, e-mail: alliance-ecology2015@bk.ru, байланысушы тұлға: Макатова Д.Т., 87771809097.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, e-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz, тел. 8(7232)257320.

Жоба бойынша құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі сайтында орналастырылған <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Жоба материалдарымен қағаз жүзінде осы мекенжай бойынша танысуға болады: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Ертіс ауылдық округі, Прапорщиково ауылы, 064 есеп кварталы, 3 құрылыс.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: oblshygyshol@mail.ru, alliance-ecology2015@bk.ru, 87771809097.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ОблШығысЖол» сообщает, что 26 мая 2026 г. в 14:00 по адресу: Восточно-Казахстанская область, район Үлкен Нарын, с. Балғын, ул. Омарова, 37, в здании клуба с. Балғын проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие на 2026-2035 годы (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ, РООС) для дробильно-сортировочной установки (ДСУ) производительностью 150 т/час и асфальтбетонного завода производительностью 80 т/час северо-западнее села Балғын, района Үлкен Нарын, Восточно-Казахстанской области.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность. Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

На общественные слушания можно подключиться в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM. Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/72112876799?pwd=IHX1Nhw38aubpEXh25tkT0W39dFTNQ.1>

Идентификатор конференции: 721 1287 6799

Код доступа: BW6n1N

Заказчик проекта: ТОО «ОблШығысЖол», БИН 080240021886, адрес: Восточно-Казахстанская область, Глубокое район, Иртышский сельский округ, с. Прапорщиково, учётный квартал 064, ст-е 3, e-mail: oblshygyshol@mail.ru, контактное лицо: инженер ТОО «ОблШығысЖол» Акрамов К.К. – тел. 8-777-790-07-50.

Реализация намечаемой деятельности

планируется северо-западнее села Балғын района Үлкен Нарын Восточно-Казахстанской области.

Территория воздействия: Географические координаты: 1) 49° 10' 12» с.ш., 84°32' 53» в.д.; 2) 49° 10' 15» с.ш., 84°33' 2» в.д.; 3) 49° 10' 8» с.ш., 84°33' 9» в.д.; 4) 49°10' 5» с.ш., 84°32'59» в.д.

Разработчик проекта: ТОО «Альянс-Экология», Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Виноградова, 9, тел. 8(7232)753121, БИН 150440029379, e-mail: alliance-ecology2015@bk.ru, контактное лицо: Макатова Д.Т., тел.: 87771809097.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», e-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz, тел. 8(7232)257320.

Документация по проекту размещена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingIndex> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Восточно-Казахстанская область, Глубокое район, Иртышский сельский округ, с. Прапорщиково, учётный квартал 064, ст-е 3.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию и ознакомиться с копией документов: e-mail: oblshygyshol@mail.ru, alliance-ecology2015@bk.ru, 87771809097.

Майемер орта мектебінің ұжымы осы мекеменің есепшісі Құдабаева Динараға анасы

### ЖАНАЕВА КҮЛӘШ МИХАЙЛОВНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, марқұмның туған-туыстарына көңіл айтады.